

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Президент Н. Ә. Назарбаев халыққа арнаған жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деп, қарқынды дамып келе жатқан еліміз үшін өзекті мәселені айқындап берді. Бүгінгі таңда көзі ашық, көкірегі ояу кез келген азамат ағылшын тілін үйренудің іс жүзіндегі қажеттілігін сезінуде.

Жаһандану нәтижесі әлемдік өркениетпен жан-жақты байланыс орнатуға апарады. Осы тұста ағылшын тілін үйрену игі мұраттардың бірі болмақ. Ағылшын тілін білу қазіргі кезеңдегі байланыс шегарасының кеңеюіне, өркениет ағынына ілесуге, ақпараттар кеңістігінде еркін байланыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қоса қазақ тілін, халықтың салт-дәстүрін, мәдениетін әлемдік кеңістікке жеткізуші құрал болып табылады. Сондықтан Елбасының білім беру саласының алдына қойып отырған ең маңызды мақсаттарының бірі – үш тілді бірдей жетік меңгерген оқушы тәрбиелеу.

Жаратылыстану бағытының пәндерін ағылшын тілінде жүргізу аясында тәжірибе жинақтаған №1 «Білім-инновация» лицейі үштілді білім беру жүйесін дамытуда жүйелі жұмыс жасауда.



Лицейде оқу жоспарының вариативтік бөліміндегі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің барлығы (математика, химия, физика, биология, информатика) ағылшын тілінде жүргізіледі. Пән мұғалімдері: Л.В. Ломоносов атындағы ММУ, Сингапур Нанианг техникалық университеті, С. Демирел атындағы университет, Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлектері. Барлығы IELTS, TOEFL сынақтарын тапсырып, сертификатталған.

Сабақ барысында педагогтер Кембридж технологиясының 7 модулін тиімді қолданады. Сонымен қоса жас буынды жан-жақты дамыту үшін қосымша білім беру жүйесі қолға алынды.

Оқушылардың лингвистикалық білім дағдыларын қалыптастыру үшін «Speed Read» жылдам оқу курсы, «Leaders Public Speaking Club» үйірмесі жұмыс жасайды. Роботтехника зертханасының аясында «Robotics» курсы ашылған. «Болашақ инженерлері» курсында 3D модельдеудің қыр-сырларымен танысады.

Оқушылардың ақпарат жинап, тарату дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жас қалам», «Юнкор», «KarBilim TV» пресс-студия» үйірмелері, пікір

таластыру, өз ойын дәлелдей білу машығын жетілдіру үшін «Драма», «Young Scholars», «Made in KTL» клубтары жұмыс істейді. «Project based learning», «Олимпиадалық қызмет» курстары жоба арқылы білім алу, ғылыми-шығармашылық қабілеттерді шыңдайды.

Бейіндік пәндер бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру үшін «Биофизика», «Медициналық биология», «Астрофизика», «Биохимия негіздері», «BIONICS» үйірмелері жұмыс істейді.

Бүгінде №1 «Білім-инновация» лицейі үштілді білім беруді енгізудің тәжірибе алаңына айналды. Қарағанды облысы Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы лицей қабырғаларында «Жаратылыстану» пәндерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырды. Семинар барысында интеллектум ойындары, пән бойынша оқушылардың инновациялық бағдарламалары, ғылыми жобалар, зертханалық эксперименттер көрсетілді. Бірлестік мұғалімдері шеберлік сабақтар арқылы өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісті.

Халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалар мен олимпиадаларда үш тілде өз білімдерін көрсеткен оқушыларымыз бірқатар жүлделерге қол жеткізді. Мысалы, «InfomatrixAzia» халықаралық компьютерлік жоба байқауында, «KazRoboSport» республикалық роботтехника жарыстарында, «Roboland» халықаралық фестивалінде, Бразилия еліндегі «MOSTRATES» халықаралық ғылыми жобасында, ағылшын тілі бойынша «The word scholars Cup» олимпиадасы, Д.И. Менделеев атындағы халықаралық химия олимпиадасы, Азия-Тынық мұхиты қашықтық математикалық және халықаралық «Жібек жолы» олимпиадасы, Ресейдің Якутск қаласында «физика» пәнінен XVIII АрhO олимпиадасында жүлделі орындардан көрініп келеді.



Көптілді білім беру мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастың аса маңызды құралы саналады.

«Білекке сенер заманда ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда қапы қалып жүрмейік», – деп Абылай хан айтып кеткендей, ертеңгі күннің болашағы бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етуіміз қажет. Адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш білімге ғана тән болса, тілдердің де тұтастығы соншалықты құдіретті

болмақ. Сондықтан үштілді білім беруге жете мән бергеніміз жөн.

Елжанды, білімді, салауатты, жауапты, сыни ойлай алатын, үш тілді меңгерген, жалпыадамзаттық құндылықтар мен қазақ халқының мәдениетін бойына сіңірген, толерантты және әлемдік кеңістікте танымал болатын қазақстандық жастарды қалыптастыру басты бағытымызға айналмақ.

Қ. ЕЛУБАЕВ,
№1 «Білім-инновация»
лицейінің директоры

АННОТАЦИЯ ○

Директор лицей №1 «Білім-инновация» К. Елубаев рассказывает о преимуществах и опыте введения трехязычной системы образования, говорит о том, что благодаря трехязычной системе образования казахский народ станет конкурентоспособным на мировой арене, путем интеграции в мировое сообщество будет обеспечен подъем науки, экономики и социально-культурной составляющей страны.

